

## Берікбай Арайлым Оңғарқызы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, филология факультеті  
akosia00@bk.ru

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к.,  
қазақ тіл білімі кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры  
С.Ә. Рахымберлина

### М.МАҒАУИННИҢ «ШАҚАН-ШЕРІ» РОМАНЫНДАҒЫ ОНОМАСТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК

Ономастика теориялық негіз ретінде жалқы есімдердің ерекшеліктерін, олардың жалпы есімдерден айырмашылығын зерттеумен, тілдегі айрықша жағдайымен, сөйлеудегі құрылымының өзгешелігімен ғылымдар жүйесінен жеке ғылым ретінде бөлініп шықты. Бүгінгі күні ономастиканың деңгейі, оның ғылымдар жүйесіндегі алар орны, сонымен қатар басқа ғылымдармен байланысы анықталып, бірнеше өзіндік жеке салалары пайда болды. Атап айтқанда, ономастика кісі есімдерін зерттейтін – антропонимика, жер-су атауларын қарастыратын – топонимика, жан-жануар, құстар атауын зерттейтін – зоонимика, аспан денелерін зерттейтін – астронимика және т.б. болып бөлінеді.

Көркем шығармалардағы жалқы есімдер әдеби ономастиканың нысаны болып табылады. Ондай есімдер көркем туындыда образ тудырудың бір құралы ретінде қызмет атқарады. Әдеби антропонимдер мен топонимдер шығарма беттеріндегі автор тудырған көркем ақиқат нысанының атауы ретінде шынайы және ойдан шығарылған ономастика элементтерінің көрінісі ретінде қарастырылады. Көркем әдебиеттегі жалқы есімдер поэтонимдер деп аталады [1, 16]. Ол әдебиеттегі көркем ақиқат нысанын даралауға және сипаттауға арналған жан-жақты функционалды семантикалық ауызша белгі болып табылады. Антропонимдер мен топонимдер кез келген жазушының сөз саптау жүйесіндегі аса қажет компонент болып табылады. Олар көркем мәтіннің тілдік амалдар жүйесіне шектеулі, дәлелді түрде қосылады және шығарманың жалпы образдылығын құруға тырысады. Көркем шығарманың кеңістігінде ономастикалық лексиканы сұрыптау, оны қосу – автор ойының айтылуымен тең келетін мақсатты процесс болып табылады.

Поэтонимдер мәтіннің хабар беруші кеңістігінің мағына тудыратын және стиль жасайтын маңызды элементі болып қалыптасады. Олар әдеби-көркем туындыны, автор шығармашылығының парадигмасын, шығарма идеясын тез қабылдауға және түсінуге мүмкіндік береді.

Жалқы есімдер көркем әдебиетте көркем образ жасаудың бір амалы болғандықтан, оларды көркем бейнелеу құралы ретінде зерттеу жазушы тілін және стилін зерттеу мәселесінің бір бөлігі болып табылады. Есімдер кейіпкер мінездемесінің құрамды бөлігі бола отырып, номинативтік әрі стилистикалық қызмет атқарады.

Көркем шығарманың құндылығын арттырып, әдебиет әлеміндегі тиісті орнын алуына сол шығарманың бойындағы «ономастикалық әлемнің» тигізер әсері сөзсіз. Көркем шығармадағы әрбір сөздің, әрбір сөйлемнің орны бар десек, есімдердің алатын орны тіпті айрықша. Осы мәселе жайында В.А. Никонов кейіпкер есімінің көркем образ жасаудың бір тәсілі ғана емес, кейіпкердің әлеуметтік жағдайын, шыққан тегін көрсете отырып, ұлттық және жергілікті колориттің көрсеткіші, ертеде болған оқиға туралы мәселеде тарихи шындықты тірілтуші құрал болып табылатынына үлкен мән береді [2, 234].

Бір кейіпкерді атау әдістерінің ішіндегі жалқы есім есімдердің жиі қолданылатын түрлерінің бірі – көркем шығарма атауының сол кісі есімімен аталуы. Мысалы, С. Мұқановтың «Ботагөз» романы, Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесі, М.Әуезовтің «Абай» және М. Мағауиннің 1984 жылы жарық көрген «Шақан-Шері» романы.

Жалқы есімдер көркем шығарманың мәтнінде мына жағдайларда семантизацияланады:

- 1) Ол мәтіннің өн бойында референтті, яғни кейіпкерді білдіреді;
- 2) Есімнің мәтінде бірнеше рет қайталануы арқылы мәтінді біріктіргіш қызметке ие болады;
- 3) Мәтіннің жүйелілігі мен антропоорталығын тудырады;
- 4) Тақырыптағы жалқы есімдер шығарманың жетекші тақырыбын ашуға, авторлық идеялық тұжырымы мен мәтіннің жалпы перспекциясын жүзеге асыруға көмектеседі;
- 5) Жалпы есімнен жасалған атаулар мәтінде күрделі ұғым-символ ретінде қызмет атқарады. Олар көркем шығарма мәтінінің жалпы композициясы мен құрылымында маңызданады.

М. Мағауиннің «Шақан-Шері» романы Шақанның жары мен баласын жарып өлтірген жолбарысқа, жолбарыс атаулыға кектенуімен басталады. Ақырында, Алатаудан Балқашқа қарай өтіп жүрген аң жолбарыстың көзін құртуды мақсат етіп, кек жолында Шақан барлық жолбарыс атаулыны аулауға бел буады. Романның ерекшелігі сол – Шақан мен жолбарыс образдарын байланыстыра суреттеу арқылы адам мен табиғат арасындағы байланыстың үзілуін көрсетеді.

Романда мынадай антропонимдер қамтылған: Шәрке, Шақан, Садық, Жантай, Сәмен, Ажар, Сүйінбай, Өтеген батыр, Жезтырнақ, Шапырашты, Саурық батыр, Рысбек, Пері-Мешел, Құбамерген, Қамбар, Тоқай, Жалайыр, Қара-батыр, Тоқпан, Қосаяқ, Үйсін, Меңсұлу, Төре, Атабек ақсақал, Жауқашар батыр, Жәкем Шері, Жүндікер ат, Шапырашты Шақан, Шопан-Ата, Жылқышы-Ата, Ойсыл-Қара, Зеңгі-Баба, Шақан-Шері.

Көкбелес, Қапшағай, Жиделі-Байсын, Талғар, Іле, Алатау, Түрген, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шу, Есік, Көкше теңіз, Құйған, Топар, Қара өзек, Жиделі, Алакөл, Лепсі, Ақсу, Көкжота, Арқа, Қорғалжын, Бетпақ шөлі, Қаратал, Жетісу, Сарықұм, Сары-арқа, СарыЕсік, Ұзын-Арал, Африкадағы Сахара шөлі, Атырау, Малтай Жантаев, Сібір, Якут өлкесі деген жалқы есімдер арқылы шығармадағы топонимдер аталған.

«Шақан-Шері» романында Шақан антропонимі 246 рет кездеседі. Ал шығарманың атауындағыдай «Шақан-Шері» деп 18 рет қосарланып жазылыпты. Шығармада Шақанның кегі, қорнышы мен ашу-ызаға толы өмірі баяндалып, ондағы басты кейіпкер Шақан болғандықтан, шығармада осы есім бірнеше рет аталып, мәтінді біріктіргіш қызметімен қатар референттік қызмет атқырып тұр. Осы тұста жалқы есімдердің семантизациясы тізбекті сипатқа емес, бүкіл көркем мәтін барысында күрделенген сатылы сипатқа ие екендігін атап өткеніміз жөн. Шығарманың басты кейіпкерінің есімі туындыда тірек сөз болып табылады да, негізгі мағыналық жүкті өз бойына жинақтап, шығарманың тақырыбы мен негізгі идеясын айқындап тұрады [3, 29]. Сонымен қатар көркем шығарма мәтінінде онимдер семантикасының диалектикалық құрылымы байқалады. Бұл есімдену, яғни онимизация, жалпылану – апеллятивизация, екіншілік номинация, семантикалық конденция құбылыстары арқылы көрінеді.

Есімдену (онимизация) – жалпы есімдердің контекстік жалқы есімдерге ауысуы [4, 157]. Шығармада жалпы есімнің есімденуі бас әріптің қолданылуы мен қатысушының кейіпкерлік мінезі арқылы көрініс табады. Мұқтар Мағауиннің романында «Шері» деп жолбарысты атап тұр. Бас әріппен, жалқы есім ретінде берілу себебі: негізгі кейіпкер Шақанның өзі де жолақты жануарға кек тұтып, оны өлтіру жолында өзі де жолбарыс-адамға айналғандығы еді.

М. Мағауиннің «Шақан-Шері» романында антропонимдер мәтінде сан алуан стилистикалық, эмоционалдық, экспрессивтік коннотацияларды білдіріп тұр. Қазақ есімдерін зерттеуде ономаст ғалым Телқожа Жанұзақовтың еңбектері елеулі орын алады. Ғалым қазақ есімдерінің жасалу жолдарына, құрылымдық сипатына, шығу тегіне қарай талдаулар жасаған. Зерттеушінің пікірінше: «...қазақ кісі есімдері көбіне белгілі себептермен қойылған, өзіндік уәжі бар. Онда халықтың материалдық және рухани өмірініңіз жатыр», - деп оның жасалуындағы бірнеше себепті санамалап көрсетеді [5, 34].

Жоғарыда атап өткен антропонимдерді тілдік сипатына қарай бірнеше топқа бөліп қарастырсақ болады:

1) Байырғы қазақ сөздерінен қойылған есімдер [6, 61]: Саурық, Қара-батыр, Қосаяқ, Құбамерген, Қамбар, Тоқай, Жалайыр, Меңсұлу, Атабек ақсақал, Жүндікер, Шәрке, Шақан, Садық, Жантай, Сәмен, Үйсін, Рысбек, Тоқпан, Шақан-Шері;

2) Мифтік аңыз-әңгіме кейіпкерлерінің аттары: Жезтырнақ, Пері-Мешел;

3) Фольклорлық көне есімдер Сүйінбай, Өтеген батыр, Шапырашты, Шопан-Ата, Жылқышы-Ата, Ойсыл-Қара, Зеңгі-Баба, Жауқашар батыр;

4) Интернационалдық бағытқа икемделген есімдер: Ажар.

Осы аталған есімдерді ерлер және әйелдер есімі деп тағы екі топқа бөлуге болады. Мұнда әйелдер есімі: Меңсұлу мен Ажар ғана. Қалғаны ерлер есімі екені анық.

«Шақан-Шерідегі» кейіпкерлер көпшілікке таныс, қазақтың танымында, түсінігінде жатталып қалған образдар да бар. Сол себептен де, ұғынуға жеңіл әрі көкейге қонымды.

Жалпы, көркем мәтіндерде қандай да бір антропоним мен топонимдер әдеби көркем туындының құрылымы мен мағынасына қарай бірнеше қосымша коннотациялық және ассоциациялық мәнге ие бола алады. Жалқы есімдердің мағыналық қырлары мәтінде біртіндеп көрініп, барлық кейіпкердің классификациясы мен жалқы есімдердің мағынасы қатысады. Яғни, жалқы есім мәтінде мағына жағынан толығып ассоциативті мағына беретін белгігі айнала бастайды. Ол мағыналарды

кеңістікті құрылым деп атауға болады. Олар сол контекстке ғана тән, сонда ғана өміршең бола алады да, индивидуалды-көркем мағыналы жалқы есім бола алады.

Көріп отырғанымыздай, жазушы белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында орын алған оқиғаны баяндау барысында сол тілдің ономастикалық қорындағы атауларды қажетінше пайдаланады. Бұл ретте жазушыға қойылатын талап та жоғары болмақ. Кейіпкеріне лайықты ат қоя білу жазушыдан үлкен шеберлікті талап етеді. Ұлттық қасиет пен ұлттық ерекшелікті тең ұстаған есімдер шығарманың құрамына енбей тұрып-ақ түрлі семантикалық-коннатативтік ренде болып, оқиға барысында атқаратын рөлі, жауапкершілігі күрделене түседі.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва, 1988. – 192 с.
2. Никонов В.А. Имя и общество. – М.: Наука, 1974. – 276 с.
3. Кухаренко В.А. Интерпретация текста. – М.: Наука, 1988. – 322 с.
4. Салкынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
5. Жанұзақов Т. Очерк казахской ономастики. – Алма-Ата: Санат, 1990. – 170 с.
6. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.

#### Мұхтарова Гүлнұр, Ахметжанова Лаура

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің III курс студенттері

Ғылыми жетекшісі:  
қауымдастырылған профессор,  
ф.ғ.к. М.А.Тұрсынова

#### JAŃA LATYN ÄLIPBII – JAZU REFORMASY

Bügingi küni bұqaralyq aqparat qūraldary men zialy qauym ökilderi arasynda keñinen talqylanyp jatqan мәselelerdiñ biri – qazaq tılı älipbiin kirilisadan latyn grafikasyна көşiru. Jazu – belgili bir äripterdiiñ jiyntygy ғана емes, ülttyñ özindik bolmysyn tanytatyn tañbalar jüiesi.

Jazu arqyly ötken men bügingi және bolaşaq ömirimiz jalğastyq tappaq. Al jazudyñ өзgerui sol halyqtyñ qoғamdyq ömiriniñ барlyq salasyna, ruhani әlemi men мәдени deñgeime, әleumettik psihologiasyna әser etedi.

Bұqaralyq aqparat közderine süiensek, bügingde әlemniñ 70% elderi latyn jazuy arqyly bilimdi meñgerip, ғылыми zertteulermen tanysuda. Bұл jazbaşa aqparttyñ барlygy derlik latyn grafikasyмен beriledi, qoғamdyq ömirdegi jañalyqtardyñ basym bölgi osy grafikanyñ negizinde taralady degendi bildirdi. Demek, latyn älipbiniñ bizdiñ elimizdiñ әlemdegi damyған otyz eldiñ qataryna qosylu talabyñyñ oryndaluy jolynda mañyzdy röl atqarady.

2017 jyldyñ 26 qazanynda Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ «Qazaq tılı älipbiin kirilisadan latyn grafikasyна көşiru turaly» №569 Jarlygy bekitilip, apostroftы älipbi qabyldansa, 2018 jyldyñ 19 aqpanynda atalған Jarlyqqa өзgerister endi. Apostrof äriptermen berilgen keibir äripter akutqa almastyrylyp, Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2018 jylgy 19 aqpandaғы №637 Jarlygyмен bekitildi.

Älipbi bekitilgennen keiin ғalymdardyñ adyndaғы basty mindet – emle erejelerin äzirleu. Osyған säikes birneşe talqylau, saraptama-synamadan ötken jaña älipbi negizindegi qazaq tılı emlesiniñ erejeleri 2018 july 6 jeltosqanda Qazaq tılı älipbiin latyn grafikasyна көşiru jönindegi ülttyq komisiyaniñ otyrysynda maқıldandy.

Jaña älipbi negizindegi qazaq tılı emlesiniñ erejeleri latyn grafikasyndaғы qazaq älipbi boiynşa dürys jazudyñ normalaryn көrsetetin qūqyqtyq küsi бар qūjat ekeni belgili.

Qazaq tılı älipbiin latyn grafikasyна көşiru jönindegi ülttyq komisiyaniñ otyrysynda maқıldanған emle erejesi 2019 jyldyñ 18 qañтарыnda «Egemen Qazaqstan» gazetinde jarialanyp, көpşiliktiñ talqylauyna üsynyldy.

Bügingi tañda bұqara жүrtşylyq tanysyp otyrған emle erejelerine qatysty көpşiliktiñ pikir de әrtürlü. Biri erejemi qoldasa, endi biri kemşil tüsyn söz qyluda.